

Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы

Анықтама

Бақылау мақсаты: Әлеуметтік осал отбасылардағы оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау

Бақылау объектісі: Әлеуметтік әлсіз отбасылар, оқу ісі жөніндегі орынбасар

Бақылау түрі: Тақырыптық

Бақылау әдістері: асханада бақылау жүргізу, ашық сұрақтармен сұқбаттасу

Бақылау мерзімі: Күнделікті

Бақылауға жауапты: ДТДЖО

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: хаттама

Бақылау барысында анықталды:

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
- ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылады, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыру

Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетіні сөзсіз. Әйтей аулының негізгі орта мектебіндегі білім алушылар саны - 27. Оның ішінде аз қамтылған отбасы балалары саны 4. Бастауыш сыныпта оқитын білім алушылар саны - 7 толық ыстық тамақпен қамтылған. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. 1-6 сыныптар асханаға үшінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанса, 7-9 сыныптар асханаға төртінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады. Мектеп алды сынып және екінші сынып екінші аусымда тамақтанады еі оқушы.

Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіледі: ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндіріледі; мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары: оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізілген.

Тұжырымдар: Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы 100%

Ұсыныстар: Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптары толық сақталсын;

Бақылауды жүргізген тәрбие ісі жөніндегі орынбасар:  Б.Сураган